## Қазақстан Республикасының теңізшісі паспортының үлгісін (сипаттамасы) бекіту туралы

***Күшін жойған***

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы. 2002 жылғы 22 тамыз N 941. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 14 шілдедегі № 797 Қаулысымен.

Ескерту. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011.07.14 № 797 Қаулысымен.

"Сауда мақсатында теңізде жүзу туралы" Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 17 қаңтардағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының теңізшісі паспортының үлгісі (сипаттамасы) бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі Қазақстан Республикасының теңізшісі паспорттарының бланкілерін оның сипаттамасына сәйкес жасауды қамтамасыз етсін.

3. "Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 12 шілдедегі N 1063 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2000 ж., N 29, 359-құжат) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының халқын құжаттандыру және тіркеу ережесінде:

"Жеке басты куәландыратын құжаттарды беру, алып қою және пайдалану тәртібі" деген 2-бөлімнің 26-тармағы мынадай редакцияда жазылсын:

"26. Қазақстан Республикасының азаматтарына заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасының дипломатиялық, қызметтік паспорты және теңізшісі паспорты берілуі мүмкін".

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

*Қазақстан Республикасының Премьер-Министрі*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 22 тамыздағы N 941 қаулысымен бекітілген

**Қазақстан Республикасының теңізшісі паспортының үлгісі (сипаттамасы)**

1. Паспорт кітапшасының көлемі 88х125 мм, оның ішіне сутаңба белгілері бар арнайы қағаздан жасалған 19 парақ орналастырылады. Паспорт парақтарындағы жазулар мен сызықтар қара түсті бояумен орындалған.

2. Паспорттың мұқабасы көгілдір түсті - Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы түстес, онда алтын түспен орындалған мыналар орналастырылған:

а) қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде мынадай батырма жазулар:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
РЕСПУБЛИКА КАЗАХСТАН
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN

б) ортасында - Қазақстан Республикасының Елтаңбасы

в) Елтаңбаның төменгі жағында - қазақ және ағылшын тілдерінде мынадай батырма жазулар:

ТЕҢІЗШІНІҢ ПАСПОРТЫ
SEAMAN'S PASSPORT

3. Мұқабаның ішкі жағында қазақ және ағылшын тілдерінде тігінен мынадай жазу орналасқан:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
REPUBLIC OF KAZAKHSTAN, ортасында - Қазақстан Республикасы Елтаңбасының түрлі-түсті бейнесі, төменгі жағында - қазақ және ағылшын тілдерінде мынадай жазулар:

ТЕҢІЗШІНІҢ ПАСПОРТЫ
SEAMAN'S PASSPORT

бұдан әрі қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде мынадай жазулар:

Бұл паспорт 1958 жылғы Теңізшілердің ұлттық жеке куәліктері туралы конвенцияның (N. 108) мақсатында теңізшінің жеке куәлігі болып табылады.

Данный паспорт является удостоверением личности моряка в целях Конвенции (No. 108) 1958 года о национальных удостоверениях личности моряков

This Passport is an identity card issued to seaman for the purpose of seafarer's identity Documents Convention (No. 108), 1958.

Теңізшінің паспорты 38 беттен тұрады.
Паспорт моряка содержит 38 страниц.
The Seaman's Passport contains 38 pages.

Иесінің қолы
Подпись владельца
Holder's signature

4. Бірінші бетте қазақ тілінде тігінен мынадай жазу орналасқан:

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ

төменгі жағында солдан оңға қарай мынадай жазулар:

Түрі /Тип/ Type Берген мемлекеттің коды Теңізші паспортының N
Код государства выдачи N паспорта моряка
Code of issuing State No Seaman's Passport,

Сол жағында - фотосуретке арналған орын, фотосуреттен оңға қарай мынадай жазулар:

Тегі / Фамилия/ Surname
Аты /Имя/Given names
Әкесінің аты/Отчество/Nationality
Азаматтығы/Гражданство/Nationality Туған жері/Место рождения/ Place of birth
Туған күні/Дата рождения/Date of birth Жеке тұлғаны сипаттау 32-бетте
Ұлты /Национальность/ Описание личности см. на стр.32
Personal description see on page 32
Жынысы /Пол/ Sex Берілген күні/Дата выдачи/ Date of issue
Құжатты берген орган Қолданылу мерзімінің
Орган, выдавший документ аяқталуы /Дата окончания
Authority срока действия/ Date of expiry

5. Паспорттың 2-бетінде қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде тігінен мынадай жазу орналасқан:

Теңізші паспортының қолданылу мерзімі ұзартылды
Срок действия паспорта продлен до
The Seaman's Passport is extended till

Паспорттың қолданылу мерзімін ұзартқан тұлғаның лауазымы мен қолы.
Должность и подпись лица, продлившего срок действия паспорта.
Position and signature of person extended the validity of passport

Көрсетілген жазбаның төменгі жағында мөрге арналған орын бар: М.О. / S.P.

6. 3-10-беттер қызметтік жағдайы туралы белгіге арналған. Беттің жоғарғы жағында мынадай жазу:

Қызмет жағдайы және оның өзгеруі
Служебное положение и его изменения
Seaman's position and changes of it,
төменгі жағында қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде мынадай жазбалар орналасқан (24-тармақ):

1. (атқаратын лауазымы - занимаемая должность - seaman's position)
(кеменің аты - название судна - name of m/s, s/s)
(кеменің иесі - судовладелец - shipowner)
(паспорт берген тұлғаның қолы - подпись выдавшего паспорт - issued by signature), төменгі жағында мөрге және күнін көрсетуге арналған орын бар.

2. (атқаратын лауазымы - занимаемая должность - position)
(кеменің аты - название судна - name of m/s, s/s)
(кеменің иесі - судовладелец - shipowner)
(өзгеріс енгізген тұлғаның қолы және лауазымы - подпись и должность лица, внесшего изменения - signature and position of person who has made amendment), төменгі жағында мөрге және күнін көрсетуге арналған орын.

3-24-тармақтар 2-тармаққа ұқсас.

7. 11-31-беттер шекаралық бақылау туралы белгі соғуға арналған. Беттердің жоғары жағында мынадай жазу:
Шекаралық бақылау туралы белгілер
Отметки о пограничном контроле
Notes of the border control

8. 32-бетте ортасында мынадай жазулар:
Тұлғаны сипаттау
Описание личности
Personal description
төменгі жағында 4-тармақ:

1. Бойы _____________________________________
Рост
Height

2. Көзінің түсі _____________________________
Цвет глаз
Color of eyes

3. Қанның тобы, резус фактор ______________
Группа крови, резус фактор
Blood type, rhesus factor

4. Ерекше белгілері ________________________
Особые приметы
Special features

9. 33-36-беттер белгі соғуға арналған. Беттердің жоғарғы жағында мынадай жазу:

Белгілер үшін

Для отметок

Notes

10. 37-бетте қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде (3-тармақ) мынадай жазулар орналастырылады:

1. Теңізшінің паспорты шетелдерге жүзетін қазақстандық кемелерде жұмыс істейтін немесе кеме иесі шетел кемелерінде жұмыс істеу үшін іссапарға жіберетін Қазақстан Республикасының азаматтарына беріледі.

Паспорт моряка выдается гражданам Республики Казахстан, работающим на казахстанских судах заграничного плавания или командируемых судовладельцем для работы на иностраннных судах.

The Seaman's Passport is issued to the citizens of the Republic of Kazakhstan - the crew members on a board a foreign-going ship of Kazakhstan or sent on a mission by a shipowner on board a foreign ship.

2. Теңізшінің паспорты шетелдерде де, Қазақстан Республикасының шегінде де иесінің жеке басын куәландыратын ресми құжат болып табылады.

Паспорт моряка является официальным документом, удостоверяющим личность владельца за границей, так и в пределах Республики Казахстан.

The Seaman's Passport is an official document to prove identity of its owner both abroad and within the Republic of Kazakhstan.

3. Теңізші паспортының иесі паспортты ұқыпты сақтауға міндетті.

Владелец паспорта моряка обязан бережно хранить паспорт.

The Seaman's Passport owner must keep this document with care.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК